

**Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1997 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 3648

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер 1997 жылдың қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары қатарынан запасқа шығарылсын.

2. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақырылуын кейінге қалдыру құқығынан айырылған ересек жастағы азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына 1997 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен өзара іс-әрекет жасай отырып, жергілікті өкілді органдармен бірге әскери комиссариаттар арқылы облыстық қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз етсін, шақыруды ұйымдасқан түрде өткізу және мерзімді әскери қызметін өткеру үшін шақырылған азаматтарды әскерге жөнелту жөнінде шаралар қолданатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды іздестіру және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту шараларын қолдансын.

5. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы "Жалпыға бірдей

әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен осы Жарлықтың дәл және біркелкі қолданылуын қадағалауды қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК